



## Конвекция құпиясы


by kamila azi




Қыстың суық бір таңында Жанар мен Болат физика сабағына дайындалып отырды. Олардың тақырыбы «Конвекция құбылысы» еді. Жанар мұғалімнің түсіндіргенін еске түсірді.




Болат «конвекцияны нақты қалай көруге болады?» деп ойланып қалды. Жанар асүйге барып, суы бар кастрөл алып келді. Олар кастрөлге су құйып, астына шам жақты.



Бірнеше минуттан кейін судың түбі жылып, кішкентай көпіршіктер пайда бола бастады. Жанар байқап қалды: төмендегі жылы су жоғары көтеріліп жатыр.



Жоғарыдағы су төмен түсіп жатты. Болат күлімдеп: «Міне, бұл — конвекция!» деді. Олар судың ішінде айналым қозғалыс жүріп жатқанын көрді.



Жылы су жоғары көтерілгенде, оның орнына суық су түседі екен. Осылайша жылу бүкіл сұйыққа біртіндеп тарайды. Жанар дәптеріне «жылу ағындары пайда болады» деп жазып қойды.



Болат бұл құбылыстың ауада да болатынын есіне түсірді. Жанар терезеге қарап: «Сол себепті жел де конвекция арқылы жүреді ғой!» деді. Сабақ соңында олар: «Физика өмірде бәріміздің айналамызда бар!» — деп қуанды.